

Қ.А. Сарбасова¹, Г.О. Тәжіғұлова², Г.А. Ахметжанова¹

¹С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Астана, Қазақстан;

²Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан
(E-mail: guld84@mail.ru)

Болашақ мамандардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы

Мақалада аталған мәселеге ғалымдардың заманауи көзқарастары талданды. «Ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік» ұғымының мәні ашылды. Ғылымның қазіргі жетістіктерін және гуманитарлық білімнің мәнін бағдарлаудың бірінші кезекте жоғары ақпараттық мәдениеті бар, жаңа ақпараттық технологиялар саласында құзыретті педагогтарды даярлаудың негізгі міндеттері зерделенді. Педагогтың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін дамытуға ықпал ететін факторлар оны қалыптастыру процесінде де, педагогикалық қызметте де анықталды және ескерілді. Ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік – болашақ маманның қызмет саласындағы қажетті оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын жүйелеу жолдарындағы ақпараттық ресурстарда ұтымды пайдалану. Осылайша, кәсіптік білім берудегі мамандарға ақпараттық және әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуы, сондай-ақ оны кәсіби және педагогикалық түрде әдіс-тәсілмен сауатты қолдану, жобалау және электронды пайдалану маңызды болып табылады.

Кілт сөздер: білім беру, педагогика, құзыреттілік, ақпараттық-әдістемелік, ақпараттық технология, әдістемелік, интернет, компьютер, оқулық, кәсіптік-педагогикалық.

Білім қазіргі қоғамның маңызды құндылығы және негізгі капиталы ретінде адамды жаңа білімді іздеп меңгеруге ынталандырып, жаңашыл шешім қабылдауға қабілетті етеді. Толыққанды білім өмірдің жайлы деңгейіне қолжеткізудің қажетті шарты ретінде, қоғам мен экономиканың ілгеріңді дамуының маңызды факторы ретінде жиі қарастырылады. Білім «адам тұлғасының, білім дағдысының, сонымен қатар тұжырымдау және шешім қабылдау қабілетінің үздіксіз дамуының үрдісіне айналуы тиіс».

Құзыреттілік теориясы Г.В.Вайлер, Ю.В.Койнов, Я.И.Лефстед және тағы басқалардың еңбектерінде негізделген. Білім беруді ұйымдастыруға құзыреттілік тұрғыдан келуді жүзеге асырудың әдіс-тәсілдерін меңгеру туралы мәселелер М.Н.Скаткин, И.Я.Лернер, В.В.Давыдов және тағы басқа ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Кәсіби құзыреттіліктің түрлі бағыттары: педагогикалық бағыттылықты қалыптастыру негізі — А.А.Орлов, И.Я.Фастовец, С.Т.Каргин; маңызды кәсіби сапаларды дамыту — Н.В.Кузьмина, И.Я.Лернер, В.А.Сластенин; педагогикалық шығармашылық мәні — В.И.Загвязинский, М.М.Поташник; педагогтың кәсіби қызметінің психологиялық негіздері — Л.С.Выготский, П.Я.Гальперин, В.В.Давыдов, А.Н.Леонтьев, Д.Б.Эльконин және тағы басқалардың еңбектерінде ғылыми негізде анықталған.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты — тұлғаның, қоғамның, мемлекеттің өзекті және перспективті қажеттіліктерін өтеу, өз елінің жан-жақты дамыған, әлеуметтік өзгерістерге бейім, еңбек етуге, өзін-өзі дамытып өздігінен білім алуға қабілетті тұлғасын қалыптастыру.

Құзыреттілік деп оқудың және өздігінен білім алудың нәтижесінде қалыптасатын және адамның әлеуметтік мобильділігін анықтайтын, білім мен тәжірибеге, құндылықтар мен бейімділіктерге негізделген жалпы қабілеттерді айтады. Құзыреттілік түйінді құраушы біліктілік болып табылады. Ал бұл аталған міндеттерді орындаушы — өз әрекетінің нәтижесін жоспарлай алатын, бәсекеге қабілетті, еркін ойлай алатын маман.

Болашақ педагогтардың кәсіби қызметінің мәні — жалпы білім беруде бірінші сатысында педагогикалық процесті ұйымдастыру және білім беру мекемелерінің әдістемелік жұмысы жағдайында Қазақстан Республикасының білім беруді дамыту тұжырымдамасы талаптарын жүзеге асыру болып табылады.

Білім беру кезеңінде заманауи ақпараттық-әдістемелік технологияларды әзірлеу мен қолданудың әдіснамасы мен тәжірибесін қамтамасыз ету мәселесіне көбірек көңіл бөлінеді. Болашақ мамандардың ақпараттық-әдістемелік құзыретін қалыптастырудың бірден бір жолы — белгілі бір жүйенің жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оның ең маңызды функциясы кәсіптік және педагогикалық

білім беруді ақпараттандыруға байланысты оқу процесінің барлық компоненттерін ұйымдастыруды, басқаруды және тәртіптілікті қамтамасыз ету болып табылады.

Заманауи талаптарды ескере отырып, болашақ мамандарды даярлаудағы ақпараттық-әдістемелік құзыреттілікті төмендегідей анықтауға болады:

- әдістемелік-зерттеушілік әрекет;
- жаңа педагогикалық технологиялардың игерілуі;
- білім берудегі танымдық іс-әрекет;
- электронды білім беру жүйесі;
- ақпараттық және қатысымдық құралдардың қолданылуы.

Білім берудің әдістемелік жүйесін дамыту болашақ мамандардың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі жеке тұлғаға, қызмет пен жүйеге, білім беруді ақпараттандыруға негізделген.

Ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік – болашақ маманның қызмет саласындағы қажетті оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік құралдарын жүйелеу жолдарындағы ақпараттық ресурстарда ұтымды пайдалану. Осылайша кәсіптік білім берудегі мамандарға ақпараттық және әдістемелік құзыреттіліктің қалыптасуы маңызды болып табылады. Қажетті педагогикалық тәжірибені жүйелеп, сондай-ақ оны кәсіби және педагогикалық түрде әдіс-тәсілмен сауатты қолдану, жобалау және электронды пайдалану, білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды оқу үдерісіне енгізуге мүмкіндік береді.

Болашақ мамандардың құзыреттілікті қалыптастырудың теориялық аспектілерін төмендегідей ашып көрсетуге болады:

– іргелі және кіріктірілген білімдердің жоғары деңгейінің болуы, яғни педагогика, тәрбие теориясы мен әдістемесі, дидактика, сыныпта оқытылатын барлық пәндерді жүргізу әдістемесі, сол пәндер арқылы оқушыларға берілетін білімдерді терең игеру;

– түйінделген іскерлікті, дағдыны, қабілетті меңгеруі — дидактикалық, танымдық, коммуникативтік, зерттеушілік, шығармашылық, өз білімін дамытуға деген қабілет, теория мен практиканы байланыстыра алу қабілеті, диагностикалық іс-әрекет. Ғылыми-зерттеу іс-әрекетімен айналысу;

– кәсіптік-педагогикалық қасиетке жаңаша көзқараспен, яғни жеке тұлға болып қалыптасуының басты көмекшісі болуы керек;

– инновациялық технологияларды меңгеруі — маман шығармашылық іс-әрекетінің арқасында тұтас педагогикалық процесті тиімді ұйымдастыру үшін қазіргі кездегі бар инновациялық технологияларды меңгеруі тиіс. Жаңа инновациялық технологияларды ғылыми ізденіспен тәжірибеге енгізуде өз үлесін қосуы қажет;

– педагогикалық міндеттерді шешудегі кәсіптік, шығармашылық іскерлігі;

– педагогикалық міндеттерді шешу барысында шеберлік танытып, өзінің білім, білік дағдыларын пайдалана отырып, білім алушыларға тиісті білімдер жүйесін меңгерту. Білім алушылардың білімдерін тексеруде маманның жүргізетін диагностикалық іс-әрекеті;

– шығармашылық шеберлігі — маманның білім алушыларды оқытып қана қоймай, оларды тәрбиелеумен айналысатыны белгілі, өзінің шығармашылықпен ойлай білетіндігін, шеберлігін танытуы тиіс [1].

Елбасының Қазақстан халқына Жолдауында компьютерлік сауаттану жөніндегі ауқымды іске азаматтарды тарту қажеттігі айтылған және мемлекеттік қызметке жаңа қызметкерлерді қабылдау кезінде компьютерді, интернетті және электрондық поштаны қолдана білу дағдысы міндетті талап болуға тиіс екендігі атап көрсетілген. Осыған байланысты ХХІ ғасырда ақпараттанған қоғам қажеттілігін қанағаттандыру үшін білім беру саласында төмендегідей міндеттерді шешу көзделіп отыр: компьютерлік техниканы, интернетті, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. ХХІ ғасыр ақпарат ғасыры болғандықтан, адамзатқа компьютерлік сауаттылық қажет. Бұл сауаттылықтың алғашқы баспалдағын болашақ мамандар тың игере білу қажет. Өйткені теориялық біліммен қатар, іс жүзіндегі білімнің алғышарттарын меңгеруі тиіс. Ал теориялық білімді өмірмен ұштастыру үшін компьютердің қажет екендігі даусыз. Бүгінгі таңда компьютер көмегімен оқыту нәтижелерін зерттеудегі ғылыми мәселелерді шешу ең басты орын алады. Бұған себеп оқыту үрдісінде туындайтын компьютерлендірудің педагогикалық-психологиялық тың мәселелері әлі толық шешілмеген. Дегенмен де, біздің соңғы жылдардағы бүкіл дүние жүзі біртұтас денеге айналып, ғаламдасу құбылысы жүріп жатқанда, әртүрлі байланыс

жүйелері сол дененің жүйке, қан тамырларының рөліне айналған мына заманда интернеттік жүйені меңгермеген ел ерте ме, кеш пе дүние жүзінен келетін байланыс нәрін жоғалта бастайды. Түрлі елдерде болып жатқан жаңалықтармен танысуда, ақпараттар ағымынан қалыспауда интернет, электронды пошта құралдарының атқарар қызметі мол [2].

Сондықтан білім беруді ақпараттандырудың тағы бір басты бағыттарының бірі – болашақ мамандардың интернет жүйесінде жұмыс істей білуіне жағдай жасалуы. Интернет жүйесінде жұмыс істеу мамандарға әлемдік білім мен ғылым жетістігінен хабардар етіп, оны игеруіне шексіз мүмкіндіктер ашатыны хақ. Интернетті пайдалану арқылы білімін жетілдіре түседі. Заман ағымына қарай күнделікті сабаққа бейне-, аудиокондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтижелер береді. Кез келген сабақта электрондық оқулықты пайдалану мамандардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, қисынды ойлау жүйесін қалыптастыруға, шығармашылықпен еңбек етуіне жағдай жасайды. Дәстүрлі оқулықты оның электрондық нұсқасына оңай айналдыруға болады. Бұл нұсқаның жетістігі оны компьютерлік желілер арқылы тарату болып табылады.

Ақпараттық технологияларды пайдаланудың ғылыми-педагогикалық, әдістемелік негіздері қалыптасу үстінде. Пайдаланушының аса маңызды іскерліктерінің бірі — дайын программаларды өзінің іс-әрекетінің құралы ретінде пайдалану. Қазіргі кездегі қолданылатын ақпараттық технологиялар білім берудің әдістемесі, мазмұны мен формасына айтарлықтай әсер ететіні байқалады. Қазіргі замандық ақпараттық технологияларды (дербес компьютер, интернет сервистері, электрондық оқулықтар т.б.) белсенді түрде пайдаланады. Пән оқытуда мультимедиа және гипермедиа технологияларды пайдалану, оқытылатын программаларды көрнекі түрде демонстрациялау және бейнесабактарды қолдану білім алудың тиімділігін арттыра түседі. Заман талабына сай, даму болашағы қоғамның даму үрдісімен, білімнің ғылыми интеграцияға ұмтылуымен, қоғамда жинақталып үнемі өсіп отыратын ақпарат көлемінің әртүрлі тегімен анықталады. Білім беру процесі ақпараттық қоғам жағдайындағы жасөспірімдерді жан-жақты даярлайтын процесс болуы қажет. Сондықтан білім беру жүйесінде компьютерлерді пайдаланудың маңызы зор. Себебі компьютер адам қызметінің барлық саласында еңбек өнімділігін арттыру құралына айналады. Болашақ мамандардың ақпараттық мәдениеті негіздерін қалыптастыру оқушылардың компьютерде жұмыс жасауды игеруімен тығыз байланыста.

Құзыреттілік — бұл күнделікті өмірдің нақты жағдайларында пайда болатын проблемалар мен міндеттерді тиімді түрде шешуге мүмкіндік беретін қабілеттілік. Стенфорд комиссиясының директоры Г.Вайнер құзыреттілікті адамның белгілі бір әрекеттер аймағына сәйкес бағыттылығы ретінде қарастырады. Ал, белгілі ғалым М.М. Чошанов құзырлылықты білім, білік, дағдының өзара байланысы деп қарап, оны төмендегідей формуласын ұсынады: білімді қолданудың жылдамдығы+әдістердің оралымдығы+ойлаудың сынаулығы. Аталған анықтамадан кейін біз келесі анықтаманы бердік: ақпараттық құзыреттілік — бұл оқу, тұрмыс және кәсіби бағыттағы міндеттерді шешуде ақпараттық-әдістемелік құзыреттіліктің мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Әдебиеттерде әдістемелік, ақпараттық құзыреттілік терминдері кездеседі. Ақпараттық технологияның жеделдетіп дамуына байланысты ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік — бұл адамдардың кез келген мәселе мен міндеттерді компьютермен, ақпараттық құзыреттілік пен әдістемелер арқылы шешу қабілеті [3].

Қазіргі әлемдегі кәсіби білім беру сипаттамаларының бірі ретінде маманның ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі мәселелеріне ғылыми қызығушылық экономиканың қарқындылығын қамтамасыз ететін, ғылыми-техникалық үдерісті жеделдетуді, қоғамды демократияландыру және интеллектуалдандыру үдерістерін қоғамдық ресурс ретінде өндіру мен пайдаланудың әлеуметтік үдерісімен байланысты. Қазіргі заманғы адамға белсенді бола білуі (табу, жинау, талдау және қолдану) маманды білімді үнемі жаңартуға дайындау қажеттілігін өзектендіреді, бұл адамның барлық кәсіби іс-әрекеті процесінде түрлі құзыреттіліктерді меңгеру қажеттілігін тудырады. Қазіргі әлемдегі ақпарат ақпараттық сауаттылықты, ақпараттық құзыреттілікті және тұлғаның ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру және дамыту мәселелері бойынша зерттеулерді біріктіретін негізгі ұғым болып табылады. Оны қолдану мен түсінудің екі бағдары анықталады: біріншісі құралдар (компьютер, деректер банкі, электрондық тасымалдағыштар және т.б.) көмегімен компьютерлік технологияларды қолдану мағынасында ақпараттық құзыреттілік ұғымын қалыптастырумен байланысты; екінші бағыт болашақ маманның ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін адамның ақпаратты қабылдау үдерісі, маманның кәсіби қызметінде ақпараттық әдістеме ретінде қарастырады.

Бұл мағынада маманның ақпараттық құзыреттілігі кәсіби-педагогикалық қызметте тиімді шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін пәндік-арнайы білімді ұйымдастырудың ерекше түрі ретінде түсініледі. Маманның ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігінің мазмұндық бөлігі оның анықтамасымен анықталады: педагогтың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі — педагогикалық қызметте әртүрлі ақпаратты қолдану қабілеттілігінде, көрінетін интегралды көпдеңгейлі кәсіби мәнді тұлғалық білімінде. Ақпаратты қолдану қабілеті деп біз оны іздеуді, жинауды, өндеуді және кәсіби педагогикалық қызметте қолдануды түсінеміз. Құзыреттілік тәсіл негізінде педагогтың ақпараттық құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі бойынша философиялық, психологиялық-педагогикалық және арнайы әдебиетке сүйене отырып, заңдылықтарды және олармен байланысты қағидаларды қарастырамыз:

1. Педагогтың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігі ақпараттық қоғамның, ақпараттық білім беру ортасының мүмкіндіктеріне және ол іске асырылатын психологиялық-педагогикалық жағдайларға байланысты қағидалар (мақсат қою, субъектілік, ақпаратқа құндылықты көзқарас бағдарлану).

2. Педагогтың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастыру үрдісінің тиімділігі ақпараттық қызметтің формаларын, әдістерін, құралдарын таңдауда жеке тұлғаның қажеттіліктерін (объективті және субъективті) үйлестіруге байланысты қағидалары (интерактивті оқыту, вариативтілік, дараландыру).

3. Педагогтың ақпараттық-әдістемелік құзыреттілік дәрежесі кәсіби маңызды міндеттерді шешуге ақпараттық қызметтің практикалық бағытына байланысты принциптері (рефлексия, диалогтық, коммуникативтік).

Болашақ маманның ақпараттық-әдістемелік құзыреттілігін қалыптастырудың маңызы ғылыми-педагогикалық зерттеулердің жаңа бағытын ашады, оның аясында кәсіби білім берудің теориясы мен әдістемесіндегі бірқатар мәселелерді шешуге, педагогикалық қызметте қолдануға орын алып отыр.

Әдебиеттер тізімі

1 Романова О.В. Теоретические и методические основы системы формирования информационно-методической компетентности учителя химии в педагогическом вузе [Электронный ресурс] / О.В.Романова. — Ростов н/Д.: ООО «ВУД», 2007. — Режим доступа: <http://www.dissercat.com/content/teoreticheskie-i-metodicheskie-osnovy-sistemy-formirovaniya-informatsionno-metodicheskoi-kom>.

2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — Алматы, 2010. — 6 б.

3 Темербекова А.А. Структурно-содержательная характеристика информационной компетентности учителя / А.А. Темербекова // Реализация компетентного подхода в образовательном процессе: науч. тр. СГУ. — М.: СГУ, 2009. — С. 133–145.

К.А. Сарбасова, Г.О. Тажигулова, Г.А. Ахметжанова

Особенности формирования информационно-методической компетентности будущих специалистов

В статье проанализированы современные взгляды ученых на обозначенную проблему. Раскрыта сущность понятия информационно-методической компетентности. Изучены основные задачи ориентирования современных достижений науки и значения гуманитарных знаний, подготовки, в первую очередь, педагогов с высокой информационной культурой, компетентных в области новых информационных технологий, которые прививали бы соответствующие качества подрастающему поколению. Определены и учтены факторы, влияющие на развитие информационно-методической компетентности педагога как в процессе ее формирования, так и в педагогической деятельности. Информационно-методическая компетентность — рациональное использование в информационных ресурсах способов систематизации учебных программ, учебно-методических пособий, необходимых в сфере деятельности будущего специалиста, систематизация необходимого педагогического опыта, а также грамотное использование его в профессиональной и педагогической форме.

Ключевые слова: образование, педагогика, компетентность, информационно-методические, информационные технологии, методологические, интернет, компьютерные, учебники, профессиональные и педагогические.

K.A. Sarbasova, G.O. Tazhigulova, G.A. Akhmetzhanova

Importance of forming information and methodological competence of future specialists

The article discusses current issues of the formation of information and methodological competence of future specialists. Analyzed the modern views of scientists on the designated problem. The essence of the concept of information and methodological competence is disclosed. The main objectives of the orientation of modern achievements of science and the value of humanitarian knowledge, training primarily teachers with a high information culture, competent in the field of new information technologies, which would instill appropriate qualities of the younger generation. The factors influencing the development of the information and methodological competence of the teacher both in the process of its formation and in the pedagogical activity are identified and taken into account. Information-methodical competence-rational use of information resources ways to organize curricula, teaching AIDS needed in the area of activities of the future specialist. Thus, it is important to form information and methodological competence of specialists in professional education. Systematize the necessary pedagogical experience, as well as competently use it in professional and pedagogical form, design and use electronic, implement educational programs and teaching materials in the educational process.

Keywords: education, pedagogy, competence, information and methodological, information technology, methodological, Internet, computer, textbooks, professional and pedagogical.

References

- 1 Romanova, O.V. (2007). Teoreticheskie i metodicheskie osnovy sistemy formirovaniia informatsionno-metodicheskoi kompetentnosti uchitel'ia khimii v pedagogicheskom vuze [Theoretical and methodical bases of system of formation of information-methodical competence of the teacher of chemistry of pedagogical higher education institution]. Rostov-na-Donu: OOO «VUD». *dissercat.com*. Retrieved from <http://www.dissercat.com/content/teoreticheskie-i-metodicheskie-osnovy-sistemy-formirovaniya-informatsionno-metodicheskoi-kom> [in Russian].
- 2 Kazakstan Respublikasynyn «Bilim turaly» Zany (2010) [Law of the Republic of Kazakhstan «On Education»]. Almaty [in Kazakh].
- 3 Temerbekova, A.A. (2009). Strukturno-soderzhatelnaia kharakteristika informatsionnoi kompetentnosti uchitel'ia [The structural and substantial characteristic of information competence of the teacher]. *Realizatsiia kompetentnostnoho podkhoda v obrazovatel'nom protsesse: Nauchnye trudy SHU – Realization of competence-based approach in educational process: Scientific works of SGU*, 133–145 [in Russian].